Баянбаева Айгуль Амангельдиевнаның
«8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындаған
«Жоғары оқу орындарында қазақстандық орыс прозасын талдаудың интерактивті әдіснамалық стратегиясы»
атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Еліміз Жаңа Қазақстанды құруға бет алды. Бұл қоғамның барлық саласының түбегейлі жаңаруын көздейді. Осы тұста Қазақстанның көркем әдебиеті де елмен бірге дамып келеді. Қазіргі қазақстандық орыс прозасында елеулі өзгерістер орын алды.

Көркем әдебиеттің халықтың рухани-адамгершілік әлеуетін арттыруға қосатын үлесі зор, сондықтан да мемлекетіміз оны еліміздегі жоғары оқу орындары мен мектептерде оқытудың сапасын арттыруға үлкен көңіл бөледі. Әдебиеттану, психология, педагогика, дидактика, орыс әдебиетін оқыту әдістемесінің ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары негізінде пәнаралық форматта жүргізілген зерттеу жұмысымыздың тақырыбы аталған мәселенің шешімін табуды көздейді. Диссертацияда зерттеудің әдеби, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік аспектілері біріктірілген.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда баспалар мен әдеби журналдарда жарық көрген жаңа прозалық шығармаларды, олардың жанрлық құрамын зерттеу және жоғары оқу орындарында орыс әдебиетін оқыту әдістемесі тұрғысынан қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Әдістеме ғылымы филология ғылымының нәтижелерін жоғары оқу орындарында көркем шығармашылықты меңгеру технологияларын әзірлеу үшін пайдаланады. Жоғары оқу орнындағы әдеби білім беру студенттердің қазіргі қазақ прозасындағы жаңа құбылыстарды танып-білуін көздейді. Осыған байланысты соңғы жылдары жарық көрген көркем шығармаларды зерттеу қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындай түседі.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Қазақстандық орыс прозасының даму мәселелері дәйекті ғылыми зерттеуді қажет етеді. Аталған мәселені зерттеуге арналған іргелі еңбектер іс жүзінде жоқтың қасы.

Әдістеме ғылымының еншісінде жоғары оқу орындарында қазақстандық орыс прозасының жанрлық жүйесінің әртүрлі аспектілерін және интерактивті оқыту мәселелерін қарастыратын еңбектер жоқ, бұл сәйкесінше аталған тақырыпты зерттеуге қажеттілік барын айғақтай түседі.

Зерттеу нысаны. Қазақстандағы қазіргі әдеби үдеріс, эпос, эпос жанрлары, қазақстандық орыс әдебиеті, қазақстандық орыс прозасы, поэзиясы, интерактивті оқыту әдістемесі, шығарманы талдау әдістемесі, прозалық шығарманы жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі.

Зерттеу пәні. Қазіргі қазақстандық орыс прозасы, жоғары оқу орнында қазақстандық орыс прозасын зерттеудің психологиялық-педагогикалық және дидактикалық негіздері, әдістемелік тәсілдері.

Зерттеудің мақсаты. Қазіргі қазақстандық орыс прозасын зерттеу, оны жоғары оқу орындарында меңгерудің интерактивті құралдарының жүйесін жасау.

Диссертациялық зерттеуімізде біз келесі гипотезаны алға қойдық – жоғары оқу орнында қазақстандық орыс прозасын интерактивті оқытудың тиімді әдістемелік жүйесін және оның әдеби негізін жасау үшін:

– эпостың көркем әдебиет түрі ретіндегі негізгі қасиеттерін сипаттау;

– қазіргі даму кезеңінде қазақстандық орыс прозасының орташа және қысқаша басым жанрлық түрлерін анықтау және сипаттау;

– қазіргі қазақстандық романның дамуындағы жанрлық үдерістерді талдау;

– қазіргі қазақстандық әдебиеттің нақты туындыларын пайдалана отырып, прозаның көркемдік әлемінің өзіндік ерекшелігін анықтау;

– қазақстандық орыс прозасын интерактивті зерттеудің психологиялық-педагогикалық негіздерін әзірлеу;

– қазіргі қазақстандық орыс прозасын университетте интерактивті оқытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу, негіздеу және сынақтан өткізу керек.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– қазіргі қазақстандық орыс прозасының сан алуан жанрларына әдеби талдау жасаудың теориялық негізі ретінде эпостың негізгі тектік қасиеттерін сипаттау;

– отандық авторлардың шығармашылығын мысалға ала отырып, қазіргі қазақ романдары мен әңгімелерінің поэтикасы мен жанрлық мәселелерін анықтау және сипаттау;

– Н. Веревочкин, Г. Доронин, А. Жақсылықов, Б. Жылқыбаев, Л. Калаус, Д. Накипов, И. Одегов, Н. Чернованың шығармаларын мысалға ала отырып, қазіргі қазақ романының дамуындағы жанрлық үдерістерді талдау;

– студенттердің әдебиет туралы халықтың рухани мәдениетінің феномені ретіндегі түсінігін дамыту мақсатында қазіргі қазақстандық орыс романы мысалында прозаның көркемдік әлемінің өзіндік ерекшелігін ашу;

– жоғары оқу орындарында қазақстандық орыс прозасын интерактивті оқытудың әдістемелік жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық негіздерді әзірлеу;

– жоғары оқу орындарында қазақстандық орыс прозасын интерактивті оқытудың оңтайлы әдістері мен тәсілдерін таңдап, эксперименттік жұмыс процесінде бақылау жүргізу.

Зерттеу материалы. Қазіргі қазақстандық авторлардың еңбектері: Н. Веревочкин, А. Омар, Б. Қанапьянов және т.б. (орта және шағын проза), Н. Веревочкин, Г. Доронин, А. Жақсылықов, Б. Жылқыбаев, Л. Калаус, Д. Накипов, И. Одегов, Н. Чернова және т.б (көлемді проза).

Сонымен қатар, классикалық және қазіргі қазақстандық әдебиетті байланыстыратын материал ретінде И. Шухов пен Г. Бельгердің романдары таңдалды.

Ғылыми жаңалығы. Әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет Николай Веревочкиннің «Поющие в переходах» және Әсел Омардың «Алфавит»

әңгімелерінің егжей-тегжейлі зерттеу нысанына айналуымен айқындалады. Сондай-ақ диссертацияның әдістемелік мақсаттарын шешу үшін Б. Қанапьяновтың «Почтовый холст», «Брызги шампанского» және «Зов дня ушедшего и дня грядущего» әңгімелеріне өзіндік талдау жасадық.

Біздің зерттеуімізде Н. Веревочкин, Г. Доронин, А. Жақсылықов, Б. Жылқыбаев, Л. Калаус, Д. Накипов, И. Одегов, Н. Чернованың және басқа да қазақстандық авторлардың романдары туралы мәліметтер шығармалардың тектік белгілеріне баса назар аударыла отырып, жүйелі берілді.

ЖОО-да интерактивті оқыту әдістемесін әзірлеу үшін қазақстандық орыс әдебиетінің көркем прозасы жүйе ретінде тұжырымдалады.

Сонымен қатар әдістеме ғылымында тұңғыш рет қазіргі қазақстандық орыс прозасын жоғары оқу орнында интерактивті меңгерудің нақты әдістемесінің (моделі, концепциясы) әзірленуі зерттеу жұмысымыздың ғылыми жаңалығын көрсетеді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

1. Әдеби шығармаларды зерттеудің әдіснамалық жүйесі әдебиеттану ғылымына негізделген. Қазақстандық орыс прозасын зерттеудің әдіснамалық стратегияларын жасау үшін эпостың негізгі тектік қасиеттері туралы бастапқы ойлар құрастырылды. Бұл идеялар прозалық шығармаларды сәтті әдеби талдаудың теориялық негізін құрайды. Эпостың әдеби жанр ретіндегі және оның негізгі жанрлары (роман, повесть, әңгіме) туралы алғашқы теориялық ой-пікірлер қазақ авторларының шығармаларына әдеби талдаудың сенімділігі мен тереңдігін қамтамасыз етеді.

2. Қазақстандық әдеби прозаны зерттеудің әдістемелік интерактивті стратегияларының жүйесін жасау үшін отандық авторлардың шығармашылығын мысалға ала отырып, роман және повесть жанрларының поэтикасы мен мәселелері талданады. Қазіргі қазақстандық прозадағы реализм мен постмодернизмнің басым екенін ескерсек, отандық авторлар шығармашылығын мысалға ала отырып, реалистік әңгіме мен постмодерндік әңгіменің жанрлық ерекшелігін зерделеу орынды.

3. Қазақстандық орыс прозасының интерактивті талдау жүйесінің әдеби негізі ретінде қазіргі қазақ романының дамуындағы жанрлық үдерістер Н. Веревочкин, Г. Доронин, А. Жақсылықов, Б. Жылқыбаев, Л. Калаус, Д. Накипов, И. Одегов, Н. Чернова және т.б. зерттеу барысында қазіргі қазақ романының жанрлық поэтикасының түрлену мен жаңаруға ұшырағандығы анықталды. Соның нәтижесінде романның жанрлық мазмұны әртүрлі дәйексөздердің, философияның, мифологияның, фольклордың, психоанализдің т.б элементтердің қосылуына байланысты күрделене түсті.

4. Қазіргі қазақстандық орыс прозасын ЖОО-да оқытудың әдістемелік интерактивті стратегиялары жүйесі студенттердің танымдық іс-әрекетінде субъективтілігін қалыптастыруды дәйекті қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық негіздерге жүгінеді. Дамыта оқыту принципіне сүйену, оқудағы белсенділік пен технологиялық тәсілдің жетістіктерін есепке алу ЖОО-да прозаны оқыту барысында әдістемелік әрекеттердің жүйелілігі мен өнімділігін қамтамасыз етеді.

5. Қазіргі қазақстандық орыс прозасын ЖОО-да оқытудың әдістемелік интерактивті стратегиялар жүйесі оңтайлы әдістер мен құралдарды қамтиды. Бұл оқу материалын, ойын формалары мен әдістерін, эвристикалық әдісті, жобалық әрекеттерді, бағдарламаланған оқыту элементтерін, кейс-технологияларды, пікірталастарды, проблемалық сұрақтарды, оқу диалогын, топтық жұмысты, ұжымдық талқылауды, онлайн оқытуды, ақпарат пен коммуникацияны пайдалануды біріктіру және т.б.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Р. Барт, М.М. Бахтин, Г.Д. Гачев, Д.С. Лихачев, В.Я. Кирпотин, Ю.М. Лотман, Е.М. Мелетинский, Ю. Кристева, В.В. Қожинов, Г.К. Косиков, Н.Д. Тамарченко және т.б. еңбектері қамтылды.

Қазақстандық әдебиетші ғалымдар – В.В. Бадиков, Б.У. Жолдасбекова, А.Ж. Жақсылықов, А.Б. Темірболат, В.В. Савельева, С.В. Ананьева, Л.В. Сафронова, Н.К. Сарсекеева және басқа ғалымдардың өзекті тұжырымдары мен бақылауларын қамтиды.

Психология, педагогика, дидактика ұғымдары мен ережелері оқытудың тиімді әдістемелік стратегияларын іздеуге бағыт береді. Белсенділік тәсілінің жетістіктерін (В.В. Давыдов, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, т.б.), В.В. Давыдов дамыта оқыту туралы концепциясын, М.В. Кларин, Г.К. Селевко, А.В. Хуторский мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне білім беру технологияларын енгізу туралы еңбектерін есте ұстау маңызды.

Сонымен қатар, интерактивті оқыту әдістерін қолдану саласындағы ғалымдардың зерттеулері ерекше қызығушылық тудырады: Е.Л. Макарова, Т.Г. Мухина, А.Д. Кариев, Л.Ю. Сафонова, С.Б. Ступина, И.Ю. Тарханова және басқа да педагогика ғылымының өкілдері.

Қазақ ғалымдары А.Е. Әбілқасымова , Г.Қ. Ахметова, Г.Ж. Меңлібекова, А.Қ. Мыңбаева, Ш.Т. Таубаева, С.О. Муминов және басқа зерттеушілер университеттер мен мектептерде оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен тәсілдерін іздестіру мен дамытуға зор үлес қосуда.

Зерттеу жұмысында әдіснама ғылымының өкілдерінің жетістіктері ескерілді: Н.И. Кудряшев (әдебиетті оқыту әдістемесі), В.Г.Маранцман (әдеби шығармаларды талдау жолдары), М.Г. Качурин (оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру), Н.Д. Молдавская, Л.Г. Жабицкая, О.И. Никифорова (әдеби даму және әдеби шығарманы қабылдау мәселелері), А.Г. Балыбердин, Г.И. Беленький, М.А. Снежневская, А.М. Антипова (теориялық және әдеби ұғымдарды қалыптастыру мәселелері), С.П. Лавлинский, А.М. Алексеева, О.О. Путило, А.О. Путило, Ю.В. Ээльмаа, С.В. Федоров (әдебиетті оқытуды технологияландыру) және т.б.

Зерттеуде ұсынылып отырған прозаны әдеби талдаудың жолдары мен әдістерін қазіргі әдебиеттегі жаңа ұқсас құбылыстарды зерттеуге пайдалануға болатындығы **зерттеудің теориялық маңыздылығын** айқындайды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында сыналған диссертациямызда әзірленген әдеби прозаны зерттеудің әдістемелік жүйесі жаңа білім беру технологиялары мен әдебиетті оқыту әдістемесін іздестіру, студенттерге әдеби

білім берудің стратегияларын әзірлеу, олардың кәсіби дағдылары мен құзыреттерін, сондай-ақ әдебиетті жетілдіру үшін қызықты болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы оның материалдары, ережелері мен қорытындылары Қазақстанның орыс әдебиетіндегі элективті пәндерді, әдістемелік бағыттағы элективті пәндерді әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар, диссертациямыздың белгілі бір материалдарын мына курстардың мазмұнына енгізуге болады: әдебиеттану ғылымына кіріспе, орыс әдебиетін оқыту әдістемесі, Қазақстандағы орыс әдебиетінің тарихы.

Оқу-әдістемелік құралдарды, сондай-ақ жоғары оқу орындарында және мектептерде прозалық шығармаларды оқып-үйрену мен меңгеру мәселелерін көрсетуге арналған ұсыныстарды жазғанда біздің зерттеу жұмысымыздың бақылауларын, нәтижелері мен қорытындыларын пайдалануға болады.

Жұмысты апробациялау. Диссертацияның негізгі тұжырымдары автордың жарияланған 6 жұмысында баяндалған, оның ішінде: SCOPUS деректер базасына енгізілген халықаралық басылымдағы 1 мақала; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізім бойынша жетекші рецензияланған журналдардағы 4 мақала; халықаралық конференция материалдары жинағында 1 мақала. Сонымен қатар, «Қазақстандағы қазіргі орыс прозасының жанрлық жүйесі» элективті пәнін оқу, эксперименттік оқыту барысында диссертацияда әзірленген әдістемелік жүйені сынақтан өткізу сәтті өтті.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қосымшалардан тұратын зерттеу жұмысының құрылымын анықтады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертацияға қоса беріледі.